

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.2 - Б.29-31

ҚАПТАМА САПАСЫ АСПЕКТІСІНДЕ СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ТАЛДАУ

Ибжанова А.А., магистр, аға оқытушы

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ

Қазіргі жағдайда тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан халқының дұрыс тамақтануы саласындағы мемлекеттік саясаттың аса маңызды басымдығы болып табылады. Осы бағдарламада көтерілетін мәселелерде ажырамас орын алатын және тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне әсер ететін қаптама материалдары ең маңызды болып табылады. Қаптаманың бастапқы функциясы өнімді жай ғана сақтау және көптеген факторлардан қорғау болып табылады. Бірақ көптеген себептер қаптаманы маңызды маркетингтік құралға айналдырды. «Қаптама» -бұл тауарларды тасымалдау, сақтау және сату процесін жеңілдететін құрал. Қаптама әртүрлі функцияларды орындайды:тауарларды бүлінуден және қоршаған орта әсерлерінен сақтайтын өте маңызды құрал;тауарды тасымалдау мен сақтауды жеңілдетеді;оларды сақтау ыңғайлылығы үшін бірнеше өнімнің бір-бірлігін құруды қамтамасыз етеді;тауарды сату үшін ұтымды (көлемі мен салмағы бойынша) бірліктер құруды қамтамасыз етеді;маңызды жарнама тасымалдаушысы болып табылады[1].

Қазіргі заманғы өндіріс экономикасында әртүрлі азық-түлік тауарларын буып-түюге, сондай-ақ мәдени және тұрмыстық заттарды өндіруге арналған қаптаманың қағаз бен картонның ассортименті маңызды орын алады. Сондықтан әлемдік целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің дамуы басқа салаларға қарағанда салыстырмалы түрде жылдам қарқынмен жүруде.

Целлюлоза-қағаз өндірісі әлемдегі сұраныс секторындағы ең озық өнеркәсіптік өндіріс болып табылады және кез-келген елдің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық дамуында маңызды рөл атқарады. Қағаз өндіруден жалпы әлемдік тұтыну жыл сайын 25% дейін артады деп болжануда [2]. Аналитикалық шолуларға сәйкес қазіргі уақытта әлемде 400 млн. тоннадан астам қағаз және картон өндіріледі.Қағаз, картон, целлюлоза-композициялық материалдарды өндіру мен тұтынудың ең қарқынды өсуі, ең алдымен, Қытайда, Үндістанда, Оңтүстік Америкада, Шығыс Еуропада, сонымен қатар Ресейде байқалады [3].Целлюлоза-қағаз өнімдері нарығын талдау кезінде, соңғы 10-15 жыл ішінде ең көп таралған түрлер баспа қағазы және целлюлоза-композициялық материалдарды қаптама ретінде пайдалану болып табылады. 400 млн. т картон-қағаз өнімінің 57% – ын буып – түю материалдары мен қаптама, 25%-ын баспа қағазы және 8% - ын санитарлық-гигиеналық қағаз құрайды [4].

Қазақстан елінде қаптаманы қолдану жыл сайын өсуде.Соңғы жылдары қаптаманы тұтыну көлемінің едәуір артуы оның тапшылығын тудырды. Қазақстандық целлюлоза-қағаз өнеркәсібі тұтынушыларды қаптамамен толық қамтамасыз ете алмайтындықтан, нарықта шетелдік өндірістің қаптамалары пайда болды. Шетелден келген қаптамаларға қойылатын сапа талаптары Қазақстан территориясында қаптамаларды қолдану «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентін қабылдау туралы Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы шешіміне сәйкес КО ТР 005/2011«Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінесай жүргізіледі. Кеден одағының комиссиясы оларды қолдану нәтижесінде талаптарының

сақталуын қамтамасыз ететін стандарттар тізбесімен зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде КО ТР 005/2011 «Қаптама қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттардың бекітілген тізбесіне сәйкес жүзеге асады.

Кеден одағының КО ТР 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің 7-бабының 7-тармағының талаптарына сәйкес тамақ өнімдерімен жанасатын бұйымдардың қаптамасын дайындау үшін пайдаланылатын материалдар салалық техникалық регламентте белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Бұл жағдайда КО ТР 005/2011 «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» сәйкес қаптаманың қауіпсіздігі келесі көрсеткіштермен қамтамасыз етілуі керек:

- оны өндіру үшін пайдаланылатын материалдардың санитарлық-гигиеналық көрсеткіштері — қаптамадан бөлінетін бірқатар химиялық заттардың көлемі рұқсат етілген концентрациядан аспауы тиіс - 1-қосымша КО ТР 005/2011;

- механикалық көрсеткіштер (КО ТР 005/2011 5-бабы 6-тармағында белгіленген нормативтерге сәйкес қаптама қысу күшіне, гидростатикалық қысымға, соққыларға, созылу кезіндегі жүктемеге және басқа да әсерлерге төзуі тиіс);

- химиялық төзімділік көрсеткіштері (қаптаманың коррозияға, тотығуға және т. б. төзімді болуы үшін - КО ТР 005/2011 5 бап 6 тармағына сәйкес);

- герметикалық (тігістер ауа мен ылғалды өткізбеуі тиіс - 5 баптың 6 тармағына сәйкес КО ТР 005/2011).

КО ТР 005/2011 «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес өнімді Кеден Одағынан тыс жерлерге әкету кезінде кедендік декларацияны беру кезінде: қағаз және картон қаптамаларға арналған КО ТР 005/2011 «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін бағалау кезінде МЕМСТ 7247-2006 Азық-түлік өнімдерін, өнеркәсіп өнімдерін және азық-түлік емес тауарларды автоматтарға буып-түюге арналған қағаз негізіндегі қағаз және құрама материалдар. Жалпы техникалық шарттар; МЕМСТ 7625-86 Заттаңба қағазы. Техникалық шарттар; МЕМСТ 9142-90 Гофрленген картоннан жасалған жәшіктер. Жалпы техникалық шарттар; МЕМСТ 9338-80 Қағаздан және құрама материалдардан жасалған пакеттер. Жалпы техникалық шарттар; МЕМСТ 7247-2006 Тамақ өнімдерін, өнеркәсіп өнімдерін және азық-түлік емес тауарларды автоматтарда буып-түюге арналған қағаз негізіндегі қағаз және құрама материалдар. Жалпы техникалық шарттар; МЕМСТ 8273-75 Қаптама қағаз. Техникалық шарттар; МЕМСТ 11600-75 Тоқыма материалдар мен бұйымдарды орауға арналған қағаз. Техникалық шарттар; МЕМСТ 13511-2006 Тамақ өнімдеріне, сіріңкелерге, темекі өнімдері мен жуғыш заттарға арналған гофрленген картоннан жасалған жәшіктер. Техникалық шарттар; МЕМСТ 1341-97 Өсімдік пергаменті. Техникалық шарттар; МЕМСТ 1760-86 Пергамент. Техникалық шарттар. келесі негізгі көрсеткіштер бойынша:

- МЕМСТ 13525.1-79 Талшықты жартылай фабрикаттар, қағаз және картон. Созылу кезіндегі созылу және жыртылу беріктігі;

- санитарлық-гигиеналық көрсеткіштер: этилацетат, формальдегид, ацетальдегид, ацетон, метил спирті, бутил спирті, пропил спирті, изопропил спирті, изобутил спирті, толуол, бензол, қорғасын, мырыш, мышьяк, хром, гексан, гептан, бензапирен, этилацетат, бутилацетат, ксилолдар (изомерлер қоспасы), титан, алюминий, барий, мыс, темір, фенол, эпихлоргедрин, Е-капролактан, кадмий;

- МЕМСТ 9841-94 талаптарына сәйкес суға төзімділікті анықтау;

- МЕМСТ 13525.7-68 талаптарына сәйкес ылғалға төзімділікті анықтау;

- МЕМСТ 13525.13-69 талаптарына сәйкес май өткізбеушілігі;

- ҚР СТ ГОСТ Р 51864-2008 талаптарына сәйкес тұтқаларды бекіту беріктігі анықталады.

Барлық осы қаптама стандарттары Кеден одағының КО ТР 005/2011 «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің дәлелді базасына кіреді. Іс жүзінде 20-дан астам стандарт қағаз қаптама үшін сапа көрсеткіштерін регламенттейді. Алайда, қаптамасапасына қойылатын талаптар өндірілетін және пайдаланылатын қоспаларының сапасының өзгеруіне байланысты біртіндеп өзгереді [5].

Қорытындылай келе, Қазақстанда қаптама үшін сапа көрсеткіштерін регламенттейтін стандарттар тобын кеңейту керек, халықаралық стандарттарды сәйкестендіру қажеті туындауда. ИСО жарғысында «ұйымның мақсаты-халықаралық тауар алмасуды және өзара көмек көрсетуді жеңілдету үшін, сондай-ақ зияткерлік, ғылыми, техникалық және экономикалық қызмет саласындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін әлемдік ауқымда стандарттауды дамыту қажет» деп жазылған. Сондықтан қаптама саласында стандарттардың және онымен байланысты салалардың бүкіләлемдік масштабында үйлесімділікті жеңілдету үшін шаралар қабылдау керек деген ұсыныс туындайды. Қазақстан үшін де бұл ұсынысқаптама өндірісі саласында экономикалық пайдасын едәуір арттыруға ықпал ете алатынын атап өткен жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. С.Н. Иванов Технология бумаги. – М. 2006. ОАО «Московская типография №2», С. 28-41.
2. Gracia, M.M., López, F., Alfaro, A., Ariza, J., and Tapias, R. (2008). The use of Tagasaste (*Chamaecytisus proliferus*) from different origins for biomass and paper production. *Bioresour. Technol.*, 99(9) P. 3451-3457
3. Brunila A. Future of pulp and paper competitiveness // *Technology for lifecycle results. Metso Paper*, 2006. P. 12–16
4. Pira, Smithers. (2017) *The Future of Global Paper and Pulp Industry*, Retrieved from <http://www.smitherspira.com/industry-market-reports/paper-and-pulp-industry/global-world-paper-and-pulp-industry-market-report>.
5. КО ТР 005/2011 «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» 2011 жылғы 16 тамыздағы №769 Кеден одағының комиссия шешімімен бекітілген.